

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссияларының бірлескен отырысының қаулысы

2020 жылғы 8 қыркүйектегі

Сауда, оның ішінде көтерме-бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, стационарлық және көшпелі сауда, базарлардың қызметі, қызмет көрсету және тұрмыстық қызмет көрсету саласы, меншік нысанына қарамастан және азық-түлікпен қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары «Сауда, оның ішінде көтерме-бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, стационарлық және көшпелі сауда, базарлардың қызметі, қызмет көрсету және тұрмыстық қызмет көрсету саласы, меншік нысанына қарамастан және азық-түлікпен қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру туралы» ақпаратты тындап әрі талқылағаннан кейін осы салада біршама жұмыстар жүргізіліп жатқандығын атап өтті.

Елорданың жалпы өңірлік өнімінің жартысынан көбін қызметтер мен сауда салалары құрайды (58%), оның 20%-і сауда саласы.

Елордадағы шағын және орта бизнестің қызметіне пандемия мен төтенше жағдайды енгізу кері әсерін тигізді.

«Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасының шағын және орта бизнеске қосымша көмек көрсетудің жаңа бағыты шеңберінде ШОБ қолданыстағы кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері субсидияланып, түпкілікті қарыз алушыға жылдық 6%-ке дейін жеткізіледі. Субсидия төтенше жағдай (бұдан әрі – ТЖ) жарияланған сәттен бастап 12 айлық кезенді қамтиды.

Қазіргі уақытта шағын және орта бизнеске жаңа кредиттер жеңілдетілген мөлшерлеменен субсидиялануда.

Бұдан басқа, кәсіпкерлерді қолдау жөніндегі дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде 2020 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда, «0» түзету коэффициенті мөлшерлемелері енгізілді: заңды тұлғалар мен жеке

кәсіпкерлердің ірі сауда объектілері, сауда және ойын-сауық орталықтары, қоғамдық тамақтандыру және қонақ үй қызметтері үшін мүлік салығы; ауылшаруашылық тауар өндірушілері үшін ауылшаруашылық жерлеріне жер салығы; барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ әлеуметтік төлемдер бойынша төлемдер мерзімін 2020 жылдың 1 маусымына дейін кейінге қалдыру құқығы берілді; бағалардың өсуіне жол бермеу үшін 2020 жылдың 1 қазанына дейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ҚҚС мөлшерлемесі 12%-тен 8%-ке дейін төмендетілді.

Төтенше жағдай енгізілгенге дейін мерзімін өткізіп алу немесе айыппұлы жоқ шағын және орта бизнес үшін екінші деңгейлі банктер негізгі қарыз бен несие бойынша сыйақы төлеуді кейінге қалдырды. Мемлекеттік мүлікті жалдау шарттары бойынша жалдау төлемдерін есептеу біржақты тәртіппен тоқтатылды.

Сауда нарықтарын жаңарту бойынша жұмыс жалғасуда. Елордада 25 сауда базары бар, 10-ы жаңартылуға жатады, жолдың кеңеюіне байланысты 1 базар (Сәлем) сүрілуге жатады.

Жалпы ауданы 50 мың шаршы метрді құрайтын 3 көтерме тарату орталығының құрылысына инвесторлар тартылды, оның құны шамамен 15 млрд теңгені құрайды. Олардың құрылысы отандық өндірушілердің ішкі нарыққа шығуына қолайлы жағдай туғызады. Өнімнің кез келген түрін тікелей фермалардан және жылыжай кешендерінен алуға, сақтауға және таратуға болады. Бұл делдалдар тізбегін азайтады және азық-түлік тауарларының бағасының төмендеуіне әсер етеді.

«Көше саудасы: 1000 орын» бағдарламасы қалада жүзеге асырылуда, оның операторы «Astana» ӘКК» АҚ. Осы бағдарлама аясында 2015 жылдан бастап барлығы 1069 жер учаскелері берілді.

Елорда әкімдігі еліміздің өңірлерінің қатысуымен ауылшаруашылық жәрмеңкелерін жыл сайын өткізеді. Осының арқасында елорда азық-түлікпен қамтамасыз етіледі, өнімдер өндірушілерден нарықтағыдан 10-15% төмен сатылады.

Жеңіл өнеркәсіп өндірушілерін қолдау мақсатында мектеп жәрмеңкелері жыл сайын өткізіліп тұрады. Балалар мен жасөспірімдерге арналған киімдер, мектеп формалары, шұлықтар, аксессуарлар өндіретін отандық өндірушілерге орындар тегін беріледі.

Сонымен қатар, COVID-19 коронавирус пандемиясы электронды сауданың дамуына серпін беріп, тұтынушылардың сатып алуларына айтарлықтай өзгерістер енгізді. Онлайн сатып алуға көшу, кеңсе жұмысының орнына қашықтан жұмыс істеуге көшу, үйден тыс жерде өткізілген бірқатар іс-әрекеттерді үй жағдайына ауыстыру электронды сауданың дамуына оң әсерін тигізді.

Елорда тұрғындарына ыңғайлы болу үшін Onay Bazar электронды сауда алаңдары, яғни фермерлерден азық-түлікті базардағыдан төмен бағамен тікелей жеткізетін платформа және Happyfood Astana – 7 мыңнан астам тапсырыс үшін өнімдерді үйден есікке тегін жеткізетін азық-түлік дүкендерінің желісі іске қосылды.

Бүгінгі уақытта қалада 2019 жылы өз өнімдерін Қытайға, Иранға, Түркияға, ТМД елдеріне 100 миллион АҚШ долларына өткізген экспортқа бағытталған 41 кәсіпорын бар. Қаланың экспорттық қоржыны елордада тіркелген ұлттық компаниялардың (уран, металлургия және мұнай өнімдері) көрсеткіштері бойынша қалыптасады. Қала кәсіпорындары: локомотивтерді («Локомотив құрастыру зауыты» АҚ), оптикалық құрылғыларды («Қазақстан ASELSAN Инжиниринг» ЖШС), шприц-түтіктерді («Ztown Development» ЖШС) экспорттайды.

Дегенмен, қалалық мәслихаттың депутаттары елордада сауда саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудағы кейбір проблемаларды атап өтті.

Қазіргі уақытта елордада заманауи сауда форматтары мен заманауи қойма базалары жетіспейді, бұл жағдай тауарларды өндірушіден тұтынушыға дейін тауардың оңтайлы бағасымен жеткізуге мүмкіндік бермейді әрі елордада делдалдардың пайда болуы мен бағалардың қымбаттауына алып келеді.

Елорданың атқарушы органдары, яғни ауылшаруашылық және басқа жәрменкелерді ұйымдастырушылар тарапынан коронавирус кезеңінде келушілердің қауіпсіздік шараларын сақтауына, атап айтар болсақ адамдар арасында әлеуметтік арақашықтықтың болмауы, маска қолданбауы, сатушылар ет пен басқа да ауылшаруашылық өнімдерін сатуда санитарлық нормаларды сақтамауы, т.б. көрінетін тиісті бақылау жоқ.

Коронавирустық пандемия кезінде жарияланған төтенше және карантиндік режимде елордалық мәслихат депутаттары бірқатар қалалық дәріханаларда болды, себебі дәріханаларда емделуге қажетті дәрі-дәрмектердің жетіспейтіндігі туралы көптеген шағымдар түсті, яғни дәрі-дәрмектерді фармацевтикалық қызметке ешқандай байланысы жоқ тұлғалардан қымбаттатылған бағамен сатып алулары туралы шағымдары себеп болды. Депутаттар дәріханаларға бару кезінде олардың жұмысындағы елеулі кемшіліктерді атап өтті: бірқатар дәріханалар дәрі-дәрмектерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тиісті бұйрықтарымен белгіленген шекті рұқсат етілген бағадан асыра сатуы, кейбір, тауарларға, қолды дезинфекциялаушы заттарға арналған бағалардың болмауы, кейбір дәріханаларда антисанитариялық жағдайлар (лас еден, шаң).

Елорда мәслихатының депутаттары өздері бірнеше рет елорда базарларына қатысты көтерген мәселе осы уақытқа дейін шешілмегенін, соның ішінде «Шанхай» базарының аумағында ыңғайлы автотұрақ құру, не қауіпсіз жаяу жүргіншілер өткелі туралы мәселені атап өтті.

Сондай-ақ, санитарлық дәрігерлердің кәсіпкерлік қызметке кедергі келтірмей, асфальтта немесе оның маңында жемістер мен көкөністердің ағынды сулармен және атмосфералық жауын-шашынмен ластануын болғызбау үшін кәсіпкерлердің (сатушылардың) көкөністер мен жеміс-жидектерді сату кезінде қала базарларында санитарлық нормаларды сақтауына бақылау жүргізуі қажет екендігі айтылды.

Кездесу барысында «Көше саудасы: 1000 орын» тақырыбында және елордада жер учаскелерін өз бетімен басып алуға және дүңгіршектерді заңсыз

құруға байланысты фактілерді жою бойынша жұмыстарды жүргізу қажеттілігі айтылды.

Қалалық мәслихат депутаттары демалыс және мереке күндері сауда үйлерінің, сауда желілерінің, азық-түлік емес және азық-түлік тауарларын сататын жабық базарлардың жұмысын тоқтата тұруға қатысты елорда кәсіпкерлері көтерген мәселені де қарастырды. Қалалық кәсіпкерлердің айтуынша, жоғарыда аталған сауда орындарының демалыс және мереке күндері жұмыс істемеуіне байланысты, бұл күндері кейбір сауда орталықтарында, гипермаркеттер мен дүкендерде (ауданы 5000 шаршы метрден аспайтын) азық-түлік пен тұтыну тауарларының бағасы жоғарылайды, бұл жалпы қала халқының экономикалық жағдайына теріс әсер етеді.

Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысына қатысушылардың талқылау нәтижелері бойынша тұрақты комиссиялар **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Сауда, оның ішінде көтерме-бөлшек сауда, қоғамдық тамақтану, стационарлық және көшпелі сауда, базарлардың қызметі, қызмет көрсету және тұрмыстық қызмет көрсету саласы, меншік нысанына қарамастан және азық-түлікпен қамтамасыз ету саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

отандық тауар өндірушілердің ішкі нарыққа шығуына, кез келген өнім түрлерін шаруа қожалықтары мен жылыжай кешендерінде сақтауға және таратуға қолайлы жағдайлар жасау мақсатында көтерме сату орталықтарын салу бойынша жұмысты жалғастыру;

«Көше саудасы: 1000 орын» бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыратын кәсіпкерлерді жыл соңына дейін жерді жалға алғаны үшін төлемнен босату мәселесін қарастыру ұсынылсын.

3. «Алматы», «Байқоңыр», «Есіл» және «Сарыарқа» аудандарының әкімдері аппараттарына:

елорда аумағында жер учаскелерін өз бетімен басып алу және сол учаскелерде дүңгіршектерді орналастыруға байланысты фактілерді жою бойынша жұмыстарды жүргізу;

2020 жылдың 1 қазанына дейін қалалық мәслихатқа заңсыз алынған жер учаскелерінің саны және олар бойынша сауда дүңгіршектерінің құрылуы туралы талдау жүргізу және ақпарат беру ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің «Нұр-Сұлтан қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша):

коронавирустың таралуымен күресу кезеңінде адамдардың көп шоғырланған орындарында азаматтардың қауіпсіздік шараларын сақтауына бақылауды күшейту;

кәсіпкерлік субъектілерінің, соның ішінде фармацевтикалық қызметті (дәріханаларды) жүзеге асыратындардың, сондай-ақ «Көше саудасы: 1000

орын» бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыратындардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігін бақылау ұсынылсын.

5. Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі істер департаментіне:


«Көше саудасы: 1000 орын» бағдарламасы бойынша орнатылған сауда павильондарына есірткіні тарату фактілерін анықтау немесе болғызбау мақсатында рейдтер жүргізу ұсынылсын. Рейдтердің нәтижелері бойынша қалалық мәслихатқа тиісті ақпарат беру ұсынылсын.

6. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

Қазақстан Республикасының Бас санитарлық дәрігерінің атына демалыс күндері сауда үйлерінің, сауда желілерінің, азық-түлік емес және азық-түлік тауарларын сататын жабық базарлардың жұмысын қайта қалпына келтіру туралы хат жазу бастамашылығы ұсынылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы




М. Шекенов

Әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы



М. Шайдаров

Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы



С. Жунусов

Заңдылық, құқық тәртібі және қоғаммен жұмыс жасау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы



Қ. Таукен